

«Х. ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ, «АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР» КАФЕДРАСЫНЫҢ З.Ф.М., АГА ОҚЫТУШЫСЫ МҰХАНОВА АДЕМИ ТУРКМЕНБАЙҚЫЗЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША, Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТИНДЕ (YESSENOV UNIVERSITY) СТАЦИОНАРЛЫҚ ФОРМАТТА ӨТКІЗІЛГЕН ДӘРІС ЖӘНЕ ПРАКТИКА САБАҒЫНЫҢ

ЕСЕБІ

Қазақстандық жоғары оқу орындарының профессор – оқытушылық құрамы мен білім алушыларының тәжірибе алмасу негізінде, Республикалық академиялық ұтқырлық бағдарламасы мақсатында жасалған көлісімшартқа сәйкес Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінде (Yessenov university), 2022 – 2023 оқу жылының 27 ақпан – 11 наурыз аралығына – «Конституциялық құқық» және «Мемлекет және құқық теориясы» пәндері бойынша, «Құқықтану» кафедрасының менгерушісі з.ғ.к., доцент (қауымдастырылған профессор) Әуешова Бағдат Тілекtesқызының ұсынылған сабак кестесіне сай стационарлық форматта пәннің оқу – әдістемелік кешені (Syllabus) негізінде дәрістік және практикалық сабактар өткізілді.

Сабак кестесі бойынша оқу аптасы 1 академ көлемінде, тақырыптарға сәйкес дәріс және практикалық сабактар (1 курс) өткізілді. Пәнді игеру мақсатында заңдарға енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтырулар жөнінде, білім алушылар өз ойларымен және көзқарастарымен бөлісті. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде соңғы жаңалықтар аясында туындаған өзекті мәселелер бойынша білім алушылар тарапынан сұрақтар қойылды.

Мультимедиялық дәрістер. Білім алушыларға сабак өткізудің әдістемелік формалары – дәрістер, семинарлар, практикалық сабактар және білім алушылардың өзіндік жұмыстары бойынша:

- мультимедиялық таныстырылым барысында, Конституциялық құқықтың маңыздылығын, жеке және занды тұлғалардың құқықтарын, сонымен қатар Конституцияға енгізілген адам құқықтары туралы зандарды, бүкіл елдегі саяси органдардың Азаматтарға әділ қарым – қатынас жасауына және саяси бақылау мен тере – тенденцияларға үшін өте маңыздылығын, заң шығарушы және атқарушы билікке жататын мемлекеттік органдардың сот процестерімен байланыстырылғын, сондай – ақ саяси тармақтың тым басым болмауын және демократиялық республиканың құрылымын сақтап қалуын қамтамасыз ету туралы;
 - Мемлекет және құқық теориясы мемлекет пен құқықтың пайды болуын, дамуының ең жалпы зандылықтарын зерттеу, құқықтанудың негізгі ұғымдары мен принциптерінің анықтамаларын тұжырымдау және осы теориялық – құқықтық заң ғылымы аясындағалымдар мен саясаткерлердің көзқарастарын, мемлекет пен құқықтың қалыптасу мен даму мәселелері туралы идеялар, сондай – ақ «идеалды» мемлекеттік – құқықтық жүйелердің теориялық модельдері туралы сұрақтар қарастырылып, тиісті саладағы проблемалық сұрақтарға салыстырмалы – талдау негізінде дәрістер қорытындыланды.

Интерактивті семинар. Қазіргі уақытта өмірдің, білімнің, қарым – қатынастың және өндірістің жаңа жаһандық ақпараттық – коммуникациялық ортаның қалыптасуына байланысты білім беру және тәрбиелеудің заманауи әдістерін дамыту мен оқыту негізінде практикалық, семинарлық сабактар:

- «Case – Study» ситуациялық есептер <https://www.canva.com>, топтық талқылауға арналған есептің сұрақтары электрондық интернет платформасы бойынша;
- инновациялық технологияларды белсенді қолдану барысында, білім алушылар логикалық тапсырмаларды <https://app.genial.ly> платформасы арқылы;
- білім алушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында сауалнама сұрақтары онлайн – викторина түрінде <https://myquiz.ru> платформалары негізінде өткізілді.

Дәріс тақырыптарын қорытындылау мен практикалық семинар сабактарын пысықтау және жүзеге асыру барысында, жоғарыда аталған компоненттері (интернет – платформалар) қазіргі әлемнің тез өзгеретін жағдайларына бейімделе алатын білім алушылардың қызығушылығын тудыруды.

Болон процесіндегі академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру барысында, «Yessenov university» университетінің оқытушылар мен білім алушыларға берілген артықшылықтары:

- Университет жеке парақшасы <https://yu.edu.kz> – өте ыңғайлы, ақпараттар айқын және анық көрсетілген;
- Университет кітапханасы <http://lib.yu.edu.kz/ru/> - негізгі оқу ғимаратында орналасқан кітапхана кішігірім болғанмен интернет желісіндегі парақшасы университет оқытушыларға да білім алушыларға да ыңғайлы, сонымен қатар кітапханаға бару үшін алдын ала интернет парақшасы арқылы жазыла алатын мүмкіндіктерін де қарастырған;
- Тәңізшілерді дайындау мақсатына арналған «Тәңіз академиясы», осы мамандыққа арналған аудиториялары жаңа техникалармен жабдықталған;
- Қазақ халқының іздерін зерттеуші, тарихшы Алшын Мендалиев есіміне арналған университет оқу ғимаратында, Манғыстау қазақтарының тарихи оқиғаларына арналған аудитория, сонымен қатар латын әліпбійн зерделеу қабинеті, Корея Республикасының мәдениеті мен тарихын дәріптеу мақсатында "Корей тілі" кабинеті, Манғыстау өлкесінің киелі жерлеріне арналған керемет жабдықталған аудиториялар;
- «Мейірімділік жолы» әлеуметтік жобасы аясында ерікті студенттер тобының мүшелері қамқорлыққа мұқтаж жалғызбасты қарт зейнеткерлерге үйде көмек көрсету негізінде құрылған жобасы. Білім алушылар кейбір пәнді игеру барысында, аралық бақылау бағалары жобаны жүзеге асыру кезінде қорытындылады;
- Лоджия – білім алушылардың демалу мақсатына арналған ашық аланы, таңғы ас, ланч (түскі ас) үшін қамтамасыз етілген үлкен тамақтану орталығы, білім алушыларды сергіту мен логиякалық ойлау мақсатына арналған үстел теннисі, шахмат ойнау орны, демалу, ұялы телефондарды зарядтауға арналған демалыс орындары, сонымен қатар спорт кешені (СК), баскетбол, волейбол, футбол, жүзу бассейні, спорт залы, бокс залы, күрес залы, пішіндеу залдарына арналған спорт залы бар екі қабатты ғимараты;
- Конференц-залы <https://yu.edu.kz/conferencehalls/> – жиналыстар, кездесулер, баспасөз конференциялары, презентациялар, бейнематериалдарды ұжымдық қарau, сондай-ақ басқа да іс-шаралар өткізуға арналған залдың интеръєрі білім алушылар үшін ыңғайлы және технологиялық жарактандырылған.

Осы аталған «Yessenov university» университетінің артықшылықтары, яғни «Тәңіз академиясы», «Корей тілі» және т.б. да болашақ мамандары үшін жаһандық еңбек нарығы тұрғысынан білім мен қолдану тәжірибесін алуға тамаша мүмкіндік қарастырылған.

Осы есебімді қорытындылай келе, «Yessenov university» университетінің «Бизнес және құқық» факультет деканы, ә.ғ.к., доцент Омарова Айжан Игиликовна және «Құқықтану» кафедрасының меңгеруші з.ғ.к., доцент (қауымдастырылған профессор) Әуешова Бағдат Тілекtesқызы және кафедра профессор – оқытушылық құрамы тарапынан, Республикалық академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру барысында жасалған келісімшарт бойынша дәріс өткізу мақсатын ұйымдастыру жоғары деңгейде болғанына ризашылығымды білдіремін.

Осы Болон процесіндегі тәжірибе алмасудың басты ең негізгі мақсаты болып, оқу процесінің өнімділігін арттыру және болашақ мамандардың теориялық және практикалық дайындығына оң әсер ету.

ATYRAU UNIVERSITY YESSENOV UNIVERSITY

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Залыңшев құрметтік пәндерінің кафедрасы
Ринат Шайгаденов

Абданайбек құрметтік пәндерінің кафедрасы
Дидар Айнурханова

Абданайбек құрметтік пәндерінің кафедрасы
Адале Муханова

ШЕСЕННОВ АТЫНДАГЫ КАСИИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

СОТ ЗАЛЫ
НАУРЫЗ, 7 2023
17.00 - 17.50

ЖӘНЕ ШЕКІНІНІН УНИВЕРСИТЕТИНІН

АДАМ НАССАСЫНА ФОНДЫ ЖІЛЕҮШІРЛІК КЕРДЕ

КУҚЫҚТАНУ БЕНАМБЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
2 курс аудиторияларында

ГОЖІРНІБЕЛІМАСУ

a.muhanova@asu.edu.kz

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=2360201960822329&set=pob.100004976439002>

